

ISSN 2518-1467 (Online),  
ISSN 1991-3494 (Print)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

# Х А Б А Р Ш Ы С Ы

---

---

## ВЕСТНИК

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

## THE BULLETIN

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

1944 ЖЫЛДАН ШЫҒА БАСТАҒАН  
ИЗДАЕТСЯ С 1944 ГОДА  
PUBLISHED SINCE 1944

1

---

АЛМАТЫ  
АЛМАТЫ  
ALMATY

2018

JANUARY  
ЯНВАРЬ  
ҚАҢТАР

---

---

*NAS RK is pleased to announce that Bulletin of NAS RK scientific journal has been accepted for indexing in the Emerging Sources Citation Index, a new edition of Web of Science. Content in this index is under consideration by Clarivate Analytics to be accepted in the Science Citation Index Expanded, the Social Sciences Citation Index, and the Arts & Humanities Citation Index. The quality and depth of content Web of Science offers to researchers, authors, publishers, and institutions sets it apart from other research databases. The inclusion of Bulletin of NAS RK in the Emerging Sources Citation Index demonstrates our dedication to providing the most relevant and influential multidiscipline content to our community.*

*Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы "ҚР ҰҒА Хабаршысы" ғылыми журналының Web of Science-тің жаңаланған нұсқасы Emerging Sources Citation Index-те индекстелуге қабылданғанын хабарлайды. Бұл индекстелу барысында Clarivate Analytics компаниясы журналды одан әрі the Science Citation Index Expanded, the Social Sciences Citation Index және the Arts & Humanities Citation Index-ке қабылдау мәселесін қарастыруда. Web of Science зерттеушілер, авторлар, баспашылар мен мекемелерге контент тереңдігі мен сапасын ұсынады. ҚР ҰҒА Хабаршысының Emerging Sources Citation Index-ке енуі біздің қоғамдастық үшін ең өзекті және беделді мультидисциплинарлы контентке адалдығымызды білдіреді.*

*НАН РК сообщает, что научный журнал «Вестник НАН РК» был принят для индексирования в Emerging Sources Citation Index, обновленной версии Web of Science. Содержание в этом индексировании находится в стадии рассмотрения компанией Clarivate Analytics для дальнейшего принятия журнала в the Science Citation Index Expanded, the Social Sciences Citation Index и the Arts & Humanities Citation Index. Web of Science предлагает качество и глубину контента для исследователей, авторов, издателей и учреждений. Включение Вестника НАН РК в Emerging Sources Citation Index демонстрирует нашу приверженность к наиболее актуальному и влиятельному мультидисциплинарному контенту для нашего сообщества.*

Б а с р е д а к т о р ы

х. ғ. д., проф., ҚР ҰҒА академигі

**М. Ж. Жұрынов**

Р е д а к ц и я а л қ а с ы:

**Абиев Р.Ш.** проф. (Ресей)  
**Абишев М.Е.** проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)  
**Аврамов К.В.** проф. (Украина)  
**Аппель Юрген** проф. (Германия)  
**Баймуқанов Д.А.** проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)  
**Байпақов К.М.** проф., академик (Қазақстан)  
**Байтулин И.О.** проф., академик (Қазақстан)  
**Банас Иозеф** проф. (Польша)  
**Берсимбаев Р.И.** проф., академик (Қазақстан)  
**Велихов Е.П.** проф., РҒА академигі (Ресей)  
**Гашимзаде Ф.** проф., академик (Әзірбайжан)  
**Гончарук В.В.** проф., академик (Украина)  
**Давлетов А.Е.** проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)  
**Джрбашян Р.Т.** проф., академик (Армения)  
**Қалимолдаев М.Н.** проф., академик (Қазақстан), бас ред. орынбасары  
**Лаверов Н.П.** проф., академик РАН (Россия)  
**Лупашку Ф.** проф., корр.-мүшесі (Молдова)  
**Мохд Хасан Селамат** проф. (Малайзия)  
**Мырхалықов Ж.У.** проф., академик (Қазақстан)  
**Новак Изабелла** проф. (Польша)  
**Огарь Н.П.** проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)  
**Полещук О.Х.** проф. (Ресей)  
**Поняев А.И.** проф. (Ресей)  
**Сагиян А.С.** проф., академик (Армения)  
**Сатубалдин С.С.** проф., академик (Қазақстан)  
**Таткеева Г.Г.** проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)  
**Умбетаев И.** проф., академик (Қазақстан)  
**Хрипунов Г.С.** проф. (Украина)  
**Юлдашбаев Ю.А.** проф., РҒА корр.-мүшесі (Ресей)  
**Якубова М.М.** проф., академик (Тәжікстан)

«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Хабаршысы».

**ISSN 2518-1467 (Online),**

**ISSN 1991-3494 (Print)**

Меншіктенуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы»РҚБ (Алматы қ.)

Қазақстан республикасының Мәдениет пен ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде  
01.06.2006 ж. берілген №5551-Ж мерзімдік басылым тіркеуіне қойылу туралы куәлік

Мерзімділігі: жылына 6 рет.

Тиражы: 2000 дана.

Редакцияның мекенжайы: 050010, Алматы қ., Шевченко көш., 28, 219 бөл., 220, тел.: 272-13-19, 272-13-18,  
www: nauka-nanrk.kz, bulletin-science.kz

---

© Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы, 2018

Типографияның мекенжайы: «Аруна» ЖК, Алматы қ., Муратбаева көш., 75.

Г л а в н ы й р е д а к т о р  
д. х. н., проф. академик НАН РК  
**М. Ж. Журинов**

Р е д а к ц и о н н а я к о л л е г и я:

**Абиев Р.Ш.** проф. (Россия)  
**Абишев М.Е.** проф., член-корр. (Казахстан)  
**Аврамов К.В.** проф. (Украина)  
**Апель Юрген** проф. (Германия)  
**Баймуканов Д.А.** проф., чл.-корр. (Казахстан)  
**Байпаков К.М.** проф., академик (Казахстан)  
**Байтулин И.О.** проф., академик (Казахстан)  
**Банас Иозеф** проф. (Польша)  
**Берсимбаев Р.И.** проф., академик (Казахстан)  
**Велихов Е.П.** проф., академик РАН (Россия)  
**Гашимзаде Ф.** проф., академик (Азербайджан)  
**Гончарук В.В.** проф., академик (Украина)  
**Давлетов А.Е.** проф., чл.-корр. (Казахстан)  
**Джрбашян Р.Т.** проф., академик (Армения)  
**Калимолдаев М.Н.** академик (Казахстан), зам. гл. ред.  
**Лаверов Н.П.** проф., академик РАН (Россия)  
**Лунашку Ф.** проф., чл.-корр. (Молдова)  
**Моход Хасан Селамат** проф. (Малайзия)  
**Мырхалыков Ж.У.** проф., академик (Казахстан)  
**Новак Изабелла** проф. (Польша)  
**Огарь Н.П.** проф., чл.-корр. (Казахстан)  
**Полещук О.Х.** проф. (Россия)  
**Поняев А.И.** проф. (Россия)  
**Сагиян А.С.** проф., академик (Армения)  
**Сатубалдин С.С.** проф., академик (Казахстан)  
**Таткеева Г.Г.** проф., чл.-корр. (Казахстан)  
**Умбетаев И.** проф., академик (Казахстан)  
**Хрипунов Г.С.** проф. (Украина)  
**Юлдашбаев Ю.А.** проф., член-корр. РАН (Россия)  
**Якубова М.М.** проф., академик (Таджикистан)

**«Вестник Национальной академии наук Республики Казахстан».**

**ISSN 2518-1467 (Online),**

**ISSN 1991-3494 (Print)**

Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы)

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации и архивов Министерства культуры и информации Республики Казахстан №5551-Ж, выданное 01.06.2006 г.

Периодичность: 6 раз в год

Тираж: 2000 экземпляров

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, 220, тел. 272-13-19, 272-13-18.

www: nauka-nanrk.kz, bulletin-science.kz

---

© Национальная академия наук Республики Казахстан, 2018

Адрес типографии: ИП «Аруна», г. Алматы, ул. Муратбаева, 75

E d i t o r i n c h i e f

doctor of chemistry, professor, academician of NAS RK

**M. Zh. Zhurinov**

E d i t o r i a l b o a r d:

**Abiyev R.Sh.** prof. (Russia)  
**Abishev M.Ye.** prof., corr. member. (Kazakhstan)  
**Avramov K.V.** prof. (Ukraine)  
**Appel Jurgen,** prof. (Germany)  
**Baimukanov D.A.** prof., corr. member. (Kazakhstan)  
**Baipakov K.M.** prof., academician (Kazakhstan)  
**Baitullin I.O.** prof., academician (Kazakhstan)  
**Joseph Banas,** prof. (Poland)  
**Bersimbayev R.I.** prof., academician (Kazakhstan)  
**Velikhov Ye.P.** prof., academician of RAS (Russia)  
**Gashimzade F.** prof., academician ( Azerbaijan)  
**Goncharuk V.V.** prof., academician (Ukraine)  
**Davletov A.Ye.** prof., corr. member. (Kazakhstan)  
**Dzhrbashian R.T.** prof., academician (Armenia)  
**Kalimoldayev M.N.** prof., academician (Kazakhstan), deputy editor in chief  
**Laverov N.P.** prof., academician of RAS (Russia)  
**Lupashku F.** prof., corr. member. (Moldova)  
**Mohd Hassan Selamat,** prof. (Malaysia)  
**Myrkhalykov Zh.U.** prof., academician (Kazakhstan)  
**Nowak Isabella,** prof. (Poland)  
**Ogar N.P.** prof., corr. member. (Kazakhstan)  
**Poleshchuk O.Kh.** prof. (Russia)  
**Ponyaev A.I.** prof. (Russia)  
**Sagiyani A.S.** prof., academician (Armenia)  
**Satubaldin S.S.** prof., academician (Kazakhstan)  
**Tatkeyeva G.G.** prof., corr. member. (Kazakhstan)  
**Umbetayev I.** prof., academician (Kazakhstan)  
**Khripunov G.S.** prof. (Ukraine)  
**Yuldashbayev Y.A.,** prof. corresponding member of RAS (Russia)  
**Yakubova M.M.** prof., academician (Tadjikistan)

**Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.**

**ISSN 2518-1467 (Online),**

**ISSN 1991-3494 (Print)**

Owner: RPA "National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan" (Almaty)

The certificate of registration of a periodic printed publication in the Committee of Information and Archives of the Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan N 5551-Ж, issued 01.06.2006

Periodicity: 6 times a year

Circulation: 2000 copies

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 219, 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19, 272-13-18,  
<http://nauka-nanrk.kz/>, <http://bulletin-science.kz>

---

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2018

Address of printing house: ST "Aruna", 75, Muratbayev str, Almaty

### **ҚР ҰҒА-сының президенті академик М. Жұрыновтың ҰҒА Жалпы жиналысының сессиясындағы баяндамасы**

Алматы қ., 31.01.2018 ж.

Құрметті әріптестер! Академияның 262 тұрақты мүшелерінен (173 акад., 89 корр. мүше) 94 адам уәжді себептермен – іссапарлар (командировка)мен денсаулықтарына байланысты қатыса алмайды. Жиналысқа қатысып отырғандардың саны 168 адам, демек 3/2 қажетті мөлшерден асып тұр. Кворум бар. Академияның Жалпы жиналысының кезекті сессиясын ашық деп жариялауға рұқсат етіңіздер.

Құрметті әріптестер, ҚР ҰҒА академиктері, корреспондент-мүшелері мен құрметті мүшелері, қымбатты қонақтар!

Өткен жылдың маусым айында өткізген ҰҒА Жалпы жиналысының соңғы сессиясынан бергі уақыт аралығында Ұлттық ғылым академиясы, жалпы Қазақстан ғылымы, ауыр қазаларға ұшырады – ҰҒА академигі, ауыл шаруашылығы ғылымының докторы, профессор Нечаев Игорь Николаевич (23.10.17 ж.), талантты ғалым, ҰҒА академигі, техника ғылымдарының докторы, профессор Рогов Евгений Иванович (22.11.17 ж.), фәни дүниеден озды. Осы ардақты азаматтарымыздың рухына тағзым етіп, орындарыңыздан тұрып, бір минут үнсіз еске алуларыңызды өтінемін. *(Үнсіздік)*.

Құрметті әріптестер! ҰҒА Төралқасының өткен жылғы Жалпы жиналысында қаралған есепті баяндамасынан кейінгі уақытта ҰҒА Төралқасының аппараты көптеген жұмыстарды атқарды. Оларды електен өткізіп, тек қана ірі істерді тізетін болсақ – ол мыналар: ҰҒА-сының босаған вакансияларына сайлау өткізіп, жаңа мүшелерін сайлау; ҰҒА-ның тұрақты қаржыланып, жыл сайын дайындалатын ғылым туралы Ұлттық баяндаманы ұйымдастырып, даярлау (биыл 14 том); Көп жылдар бойы созылған үзілістен кейін ҰҒА-сына қайта берілген ғылым саласындағы Қ.И. Сәтбаев, Ы.Алтынсарин, Д.Қонаев, М.Әуезов, Ш.Уәлиханов, Күлтегін атындағы мемлекет тарапынан берілетін 75 ғылыми стипендияларды тағайындау; 1946 ж. бері шығарылып келе жатқан, 73 мемлекетке таратылатын 8 журналды тұрақты түрде уақтылы (жылына 6 рет) жоғары сапалы етіп шығару; республикадағы басым ғылыми бағыттарды анықтау ісіне қатысу; Ұлттық ғылыми Кеңестің құрамына ҰҒА академиктерінің көптеп кіруіне және сараптама жасауға, белсенді қатысуына ықпал жасау; ҰҒА-сының барлық мүшелерінің мемлекет және халықаралық ұйымдар тарапынан марапатталуына, олардың мерейтойларының және т.б. жағдайларда елеулі, биік дәрежеде өтуіне ықпал жасау. Өткен жылы жаңадан сайланған ҰҒА корреспондент-мүшелерін Президент Әкімшілігінің Поликлиникасы мен Емханасына мемлекетіміздің дамуына ерекше еңбегі сіңген азаматтар ретінде тіркеу.

ҚР ҰҒА-сы – Еліміздегі жалғыз классикалық әмбебап академия, барлық атақты, маңдайалды, дүниежүзіне белгілі ғалымдардың жиынтық академиясы. Сондықтан біздің академияның күрделі мәселелері Елбасының тікелей назарында болып келеді. Өткен жылдардың нәтижелері ҰҒА-сының ең таңдаулы, ең ардақты ғылыми ұжым екендігін көрсетті. Майталман академик-ғалымдарымыздың қатары талантты жас ғалымдармен – ҰҒА корреспондент-мүшелерімен толықты. Академияға еліміздің ең алдыңғы қатардағы, таңдаулы ғалымдары конкурспен сайланады. Соңғы өткен 2017 жылдың маусым айында Академияға корреспондент-мүшелерді сайлау осыны көрсетті, 1 орынға 10 үміткерге дейін барды. Оны біз өткен жылғы ҰҒА-ның Жалпы жиналысында да айтқан едік. Бұл көрініс біздің қоғамымызда ҚР ҰҒА-сының беделі бұрынғыдай жоғары екенін тайға басқан таңбадай етіп көрсетті. Ал қазір біздің академия әлемдегі мүшелері ең жас (орта жасы – 60!) классикалық академия болып тұр.

Осы аталып өткен, қол жеткізген жетістіктеріміздің ешқайсысы оңайлықпен келген жоқ, көпшілігі шиеленіскен күреспен келді. Өздеріңізге белгілі, 2017 жылдың 22-ақпанында ҰҒА академигі, Елбасы Н.Ә. Назарбаев ҰҒА-сының 70 жылдық мәртебелі мерейтойына келіп, баяндама жасады. Елбасы өз баяндамасында Академияның жұмысына оң баға беріп, академиктермен кездесіп, отандық ғылымды дамыту жолдарын айтып өтті. Академияның бұл мерейтойына дүниенің төрт тарапындағы елдерден (Ресей, АҚШ, Украина, Беларусь, Қырғызстан, Грузия, Молдова және т.б.) атағы әлемге жайылған айтулы академиктер елдердің ҰҒА-ларының президенттері келіп қатысты.

Сондықтан мұндай ірі шараға үлкен дайындықпен, ең бастысы ауызбіршілікпен бардық деп ойлаймын. Үлкен ұйымдастыру жұмыстарын жүргізіп, ҰҒА айналасына барлық академиялық институттар мен медицина және ауылшаруашылығы салаларындағы ірі ғылыми-зерттеу институттарын топтастырып, ҰҒА бөлімшелері орналасқан Ұлттық университеттермен бірге ірі Ұлттық ғылыми-техникалық консорциум немесе Ассоциациялық қоғам құруды қолға алдық. Түпкі мақсат – ҚР ҰҒА-сының мәртебесін жоғарылатып, тиісті, биік орнына келтіру.

Ең бастысы – өз арамызда ауызбіршілік болуы қажет. Мемлекетіміз Елбасы, академик Н.Ә. Назарбаевтың басшылығымен жүргізіп жатқан игі іс-шараларға да үн қосып, қолдау көрсетіп отыру да біздің азаматтық борышымыз.

Уважаемые коллеги! 2017 год как для Казахстана, так и для нашей Академии, стал временем выхода на новые горизонты развития, связанные с масштабными реформами в стране.

Как вы знаете, знаковым событием уходящего года стало избрание Казахстана членом Совета Безопасности при ООН и затем успешное проведение в Казахстане международной выставки «ЭКСПО-2017» с главной темой - «Энергия будущего». Следует отметить, что наши академики и члены-корреспонденты приняли в ней посильное участие.

В прошлом году была запущена **Третья модернизация Казахстана**. Одним из важных элементов стратегии модернизации становится – наряду с экономическими и политическими изменениями – трансформация общественного сознания в духе времени. Развернувшийся широкий и заинтересованный общенациональный диалог по поднятым в ней вопросам идентичности, традиций, языка, национальной истории продемонстрировал своевременность и востребованность подобной программы в обществе.

В рамках программы «Руханижаңғыру» также началась реализация проектов «Новое гуманитарное знание. 100 лучших учебников на казахском языке», «100 новых лиц Казахстана», «Туғанжер», «Сакральная география Казахстана», «Современная казахстанская культура в глобальном мире». В реализацию этих программ значительный вклад вносят наши ученые – академики и члены-корреспонденты, ученые вузов и НИИ.

Конкретными мерами по реализации заявленных Президентом целей стали начало перевода казахского алфавита на латинскую графику, когда 27 октября Указом Президента был утвержден проект казахского алфавита на основе латинской графики, а также образована Национальная комиссия по переходу государственного языка на латиницу, перед которой поставлена задача организации данного процесса до 2025 года, а также программа развития трехязычия (владение казахским, русским и английским языками) и проект «Цифровой Казахстан». Во всех этих программах члены нашей Академии приняли активное участие.

**Послание 2018 года определяет, что нам предстоит сделать** для успешной навигации и адаптации в новом мире – мире **Четвертой промышленной революции**. В решении этих поистине грандиозных задач активное участие принимают ученые Казахстана, в том числе члены нашей Академии, причем на первых рубежах.

2017 отчетный год для нашей Академии стал особенным. Как я уже отметил, 22 февраля текущего года состоялось торжественное собрание, посвященное 70-летию Национальной академии наук Республики Казахстан, на котором с приветственной речью выступил Глава государства Нурсултан Назарбаев, поставивший перед учеными страны ряд новых задач. К сегодняшнему дню многие из них уже реализованы.

Так, Глава государства поручил принять меры по привлечению академиков НАН РК к процессу проведения государственной научно-технической экспертизы, обеспечить участие НАН

РК на договорной основе в проведении конкурсов по присуждению именных премий в области науки.

Во исполнение этих поручений при активной поддержке министра образования и науки РК Сагадиева Е.К. в этом году впервые за много лет в НАН РК прошел конкурс по присуждению именных премий в области науки и государственных научных стипендий в 2017 году. Всего поступило 528 заявок, из них 54 – на именные премии; 474 – на государственные стипендии для молодых ученых и ученых, внесших значительный вклад в развитие науки. Выделено 50 государственных стипендий молодым ученым и 25 – для ученых, внесших значительный вклад в развитие науки.

Таким образом, в 2017 году присуждены именные премии в области науки следующим ученым:

1) имени К.И.Сатпаева за лучшее научное исследование в области естественных наук академику НАН РК БейсеновойАлиеСарсеновне.

2) имени Ч.Ч.Валиханова за лучшее научное исследование в области гуманитарных наук профессору, почетному члену НАН РКСапарбаевуАбдижапаруДжумановичу;

3) имени Ы. Алтынсарина за лучшее научное исследование в области педагогики профессору ОспанұлыСерикбаю;

4) имени Кюль-тегина за выдающееся достижение в области тюркологии профессору ЖалмахановуШапагатуШарапатулы;

5) имени Д.А.Кунаева для молодых ученых за лучшую работу в области естественных наук PhD-доктору ЖабагинуМаксатуКизатовичу;

6) имени М.О.Ауэзова для молодых ученых за лучшую работу в области гуманитарных наук PhD-доктору Ахметову АрмануСериковичу.

Приказом Министра образования и науки РК от 22 декабря 2017 года во исполнение поручения Президента Республики Казахстан по итогам торжественной сессии Общего собрания НАН РК создан Совет по этике при Национальной академии наук РК. Состав Совета формируется из представителей научных организаций, образовательных учреждений высшего профессионального образования, а также представителей общественных организаций. Совет по этике является постоянно действующим органом для проведения этической экспертизы научно-образовательной деятельности, результатов конкурсов на реализацию научных, научно-технических программ и при реализации научных работ на практике.

Разумеется, что главным событием за отчетный год был юбилей НАН РК и выборы, которые состоялись после юбилейной сессии Общего собрания в соответствии сУставом и решением Президиума в маепрошлого года. Как вам известно, были избраны новые академики и члены-корреспонденты НАН РК на 28 освободившихся мест со времени последних выборов, состоявшихся в 2013 году. Я только вкратце остановлюсь на этом вопросе, поскольку мы его уже обсуждали.

Для участия в конкурсе на членов-корреспондентов подали документы 68 человек, на действительных членов (академиков) – 60 человек.

Выборы прошли открыто и прозрачно: в республиканских газетах и на сайте НАН РК были даны объявления о проведении конкурса, о претендентах, проведены обсуждения их на заседаниях профильных Отделений, опубликован список избранных.Наша Академия пополнилась учеными, достойных звания академика и члена-корреспондента.

Подготовка ежегодного Национального доклада по науке выполняется в соответствии с Правилами подготовки ежегодного Национального доклада по науке, утвержденного Указом Президента Республики Казахстан.

Реализация научных исследований в отчетном году проводилась в соответствии с одобренными на заседании ВНТК пятью приоритетами развития науки: Рациональное использование природных ресурсов, переработка сырья и продукции; Энергетика и машиностроение; Информационные и телекоммуникационные технологии; Науки о жизни; Интеллектуальный потенциал страны. В конце 2017 года окончательно принято решение Правительства о новых семи приоритетах развития науки.



Как известно, в подготовке Национального доклада принимают участие академики и члены-корреспонденты НАН РК, а также ведущие ученые – доктора наук, работающие под научным руководством или в соавторстве с академиками и членами-корреспондентами НАН РК в лабораториях научно-исследовательских институтов и на кафедрах высших учебных заведений страны.

В Докладе приводится сравнительная оценка состояния науки в стране и мире, рекомендуемые приоритетные направления, отрасли и подотрасли науки, которые необходимо развивать в целях научного обеспечения индустриально-инновационного развития экономики страны в русле пост-модернизма, востребованной 4-ой промышленной революцией. Большинство развитых стран концентрирует свои усилия на новых направлениях исследований, связанных с потребностями инновационной индустрии, аграрии, биотехнологии и др. Это позволяет сформировать крупные научные школы, способные заниматься конкурентоспособными разработками с целью создания наукоемких производств с доминантой автоматизации и робототехники, цифровых платформ и искусственного интеллекта. Кроме того, в Докладе даются общая характеристика казахстанской науки, анализ состояния научного потенциала, финансирования научных исследований и разработок, тенденций развития мировой и казахстанской науки, развития национальной инновационной системы, деятельности отраслевых уполномоченных органов по научно-технической части, выводы и предложения по дальнейшему развитию национальной научной системы. Доклад в 2017 году был обсужден на заседании ВНТК при Правительстве РК и принят Администрацией Президента РК.

Как вам известно, НАН РК продолжает выпуск 8 академических научных журналов, тем самым информируя ученый мир о достижениях казахстанской науки. Напомню, что в конце 2016 года журнал «Известия НАН РК. Серия геологии и технических наук» был индексируется в международной базе данных Scopus. В октябре прошлого года научные журналы были отмечены медалью Международной издательской кампании Springer Nature (Шпрингер нейча) как лучшие научные издания Казахстана. В этом году мы ожидаем, что в Международную базу Scopus войдут еще 5 журналов, которые стоят на 10-ой – последней ступени экспертизы.

Следует отметить, что в 2017 году в наших журналах увеличилось количество статей, опубликованных на английском языке. Если раньше количество таких статей не превышало 30 %, то в настоящее время мы добились увеличения до 50 % и больше, что является одним из 4-х поручений Президента РК, данное правительству в докладе к 70-летию НАН РК – «проработать вопрос и внести предложение по обеспечению опубликования не менее половины всех научных статей на английском языке и их включению в мировые базы данных». Это, бесспорно, является одним из путей интеграции казахстанской науки в общемировую.

Академия придает большое значение укреплению международных связей. В связи с этим необходимо отметить Договор о сотрудничестве между нашей академией и Академией Беларуси, который был подписан мной и президентом академии Беларусь, академиком Гусаковым В.Г. в рамках государственного визита Президента РК Н.А. Назарбаева 29-30 ноября 2017 года. Кроме того, в прошлом году мы активно сотрудничали с Академиями наук России, Украины, Франции, КНР, Турции, Азербайджана, Кыргызстана, Молдовы, Татарстана.

Құрметті әріптестер! 2017 жылы ҰҒА ғалымдарының Қазақстан Республикасының әл-Фараби атындағы ғылым мен техника саласындағы Мемлекеттік сыйлығымен марапатталуы біздің аса үлкен жетістігіміздің бірі. Марапатталғандардың қатарында: ҰҒА академигі Байпақов Карл Молдахметұлы, ҰҒА корреспондент-мүшелері Мырзақұлов Ратбай, Бенберин Валерий Васильевич, ҰҒА құрметті мүшесі Ахетов Әмір Амантайұлы.

Алдағы жыл – Елбасы Жолдауын жүзеге асыру жылы. Бұл нақты тәжірибелік істер бағдарламасы барлық қазақстандықтарға және бірінші кезекте зиялы қауымның ең алдыңғы қатарлы ғалымдарына қатысты. Ондағы айтылған барлық 10 мәселе еліміздің ғалымдарының күш салуын талап етеді, әсіресе инновациялық индустриализацияны ғылыми сүйемелдеусіз жүзеге асыру мүмкін емес.

2018 жылы алдағы Мақсатты-бағдарламалық қаржыландыруды (ПЦФ), ғылыми жобаларды мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптамадан өткізу жұмысына толық түрде жаңа методикалық дайындықтар жасау керек.

ҚР ҰҒА жанынан коллегиялды орган – этика Кеңесі құрылды, бұл орган 2018 жылы белсенді түрде өз қызметіне кірісуі қажет.

Одан басқа, ҚР ҰҒА алдында әлемдік және отандық ғылымның басты жетістіктерінің терең талдамасы мен олардың даму тенденциясы және отандық ғылым дамуын қамтамасыз етуге арналған тұжырымдар мен ұсыныстар берілетін жылдық Ұлттық баяндаманы даярлау мәселесі тұр.

Қазақстандық ғалымдардың алдағы уақыттағы әрекет өрісі осындай, біздің академияның жұмысы осы тұрғыдан құрылатын болады.

Біздің академиямыз жыл сайын халықаралық беделі өсіп, қанатын кеңінен жайып, өзінің бұрынғы жоғарғы лауазымына қарай көтеріліп келеді. Бұл біздің бәріміздің ортақ табысымыз. Келешекте де осылайша ғылымның бұлақ суындай таза, әрі биік идеалдарына, Отандық ғылымды одан әрі дамыту үшін қызмет ете берейік! Сіздерге үлкен шығармашылық табыстар тілеймін.

Зейін қойып тыңдағандарыңызға рахмет!

## Глобалдық 30 экономикаға апарар жол

Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты жыл сайынғы Жолдауын Қазақстан халқына арнап, еліміздің алдағы уақытта қарыштап дамуының басты 10 бағытын нақтылап белгілеп берді.

Жолдау – жаңа цифрлық дәуірде егемен еліміздің тұрақты дамуын қамтитын, мемлекетіміздің барлық саласына серпін беріп, халқымыздың игілігін көздеген шынайы іс-жоспарға құрылған құнды құжат.

Биылғы Елбасы Жолдауының ерекшелігі – ел дамуының түбегейлі тұстарын зерделеп, оның сан қырлы салаларын жүйелі түрде жаңғырту мәселесіне мән беруінде. Тәуелсіздіктің ширек ғасырын артқа тастаған мемлекет үшін болашаққа сенімді қадам жасау өте маңызды. Стратегиялық мазмұны жоғары бұл құжатта анықталған он міндеттің әрқайсысы еліміздің бүгінгі мен ертеңі үшін қажет. Елбасы мемлекетті жаңа сатыға көтеретін ауқымды реформаларға үлкен үміт артып, ондағы басымдықтардың бүгінгі қоғамға сәйкес келетін өзіндік ерекшеліктеріне тоқталды. Демек, қазіргі заманның нағыз дамыған өркениетті елдерінің қатарына қосылуы үшін ескі экономикалық жүйені ғана емес, қоғамдық сананы да өзгертуге тиіспіз деген ойды ортаға салды. Мәселен, соңғы жылдары қолға алынған «Нұрлы жол», «Нұрлы жер» бағдарламалары, сондай-ақ «100 нақты қадам» Ұлт жоспары секілді реформалардың мәні зор, маңызы ерек. Осы ізгілікті бастамаларды жалғастырып, ұлттық келбетімізді, рухани мәдениетімізді жоғалтпай, кемелденуге бағыт алуымыз қажет.

Президент өз Жолдауында инновациялық индустрияландыру саясаты экономиканың флагманына айналуы тиіс деген тапсырма жүктеді. Расында да, Қазақстанның бүгінгі жеткен жетістігі, алдымен Елбасы пәрменімен іске асырылған индустрияландыру бағдарламасының арқасында мүмкін болып отыр. Міне, соның нәтижесінде қаншама жаңа өндіріс орындары пайда болды, ол өз кезегінде мыңдаған қазақстандық үшін тұрақты жұмыс көзіне айналды. Мәселен, бір ғана өткен жылдың өзінде индустрияландыру картасы бойынша 12633 жұмыс орны ашылды. Осы бағыттан таймасақ, еліміздің келешегі кемелді болары сөзсіз. Өйткені, қазіргі дамыған мемлекеттердің бәрі де осы жолмен жүріп өткен. Маңызды стратегиялық қадамдарсыз экономикамыз да өрге баспайды, алдыңғы қатардағы отыз елдің глобалдық экономикасына кіру қиын. Елбасының қоғамды ұстап тұрған барлық салаларға сандық технологияны енгізіп, сол арқылы әлемдік бәсекеге қабілетті болуымыз керек деген мағынадағы сөздері ерекше.

2017 жылы еліміз әлемдік дағдарыстың қолайсыз салдарын еңсеріп, сенімді өсу жолына қайта түсті. Жыл қорытындысы бойынша ішкі жалпы өнімнің өсуі 4 пайызға, ал өнеркәсіптік өнімнің өсуі 7 пайыздан асты. Бұл орайда, өнеркәсіптің жалпы көлемінде өңдеуші сектордың үлесі 40 пайыздан асты. Қазақстанның қолайлы дамуы орта топтың қалыптасуына мүмкіндік берді. Кедейшілік 13 есе қысқарып, жұмыссыздық деңгейі 4,9 пайызға дейін төмендеді. Еліміздің әлеуметтік-экономикалық табыстарының негізі – азаматтық бейбітшілік, ұлтаралық және конфессия аралық келісім – біздің басты құндылықтарымыз ретінде қала бермек. Ең басты құндылығымыз – Тәуелсіздігімізді сақтай отырып, Президентіміз алға қойған нақты ұлт жоспарын іске асыру – біздің басты міндет.

Елбасы жариялаған басымдықтар мен міндеттер Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және технологиялық тұрғыда жаңғыртудың логикалық жалғасы іспеттес. Еліміз егемендік жылдарында үнемі жаһандық жаңа үрдістерді қолдап келеді. Кез келген мемлекет өз билігінің тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін бұқара халықтың әл-ауқаты мен тұрмыстық жағдайын ұдайы жақсартып отырады. Бұл – аксиома. Адами капиталдың сапасын арттыру – мемлекет дамуын қамтамасыз етудің басты алғышарты.

Көпшілікке белгілі, кезінде М.Горбачев КСРО-ны жаңа демократиялық бағытқа бұрып, халықтың тұрмыстық деңгейін еңбек өнімділігін арттыру арқылы көтермекші болды. Ол үрдісті «Перестройка» деп атады. Бірақ оның қоғамды «қайта құруының» бағдарламасының негізінде «ұлттық (немесе қоғамдық) сананың» өзгеруі, оның даму жолдары қаралмады. Осы терең

гуманитарлық мәселені М.Горбачев технократиялық жолмен шешіп тастауға болады деген жалған пікірден шыға алмады. Сол жылдары, бірде мені Облыстық партия комитетінің хатшысы шақырып алып «Сіз қаламыздағы (Қарағанды) ғылыми-зерттеу институтын басқарасыз ғой, ірі ғалым ретінде мына «перестройканы» бұқараға қарапайым тілмен алдымыздағы болатын партиялық конференцияда түсіндіріп беріңізші» – деді. Мен көптеген кітап-журналдарды оқып шығып, гуманитария саласындағы ғалымдармен ақылдаса отырып, өз баяндамамда «перестройка» әрбір жеке адамның сана-сезімінен құралатын «ұлттық, немесе қоғамдық, сананың» өзгеруінен соң бүкіл елдің жаңаша бет-бейнесі айқындалатынын айттым. Менен кейін сондағы шұлық фабрикасының бір тоқымашысы шығып былай деді: «Мен мына ғалым-кісінің айтқан сөздерін онша түсінбедім. Мен жақында Москвадағы біздің Бүкілодақтық жиналысымызға қатыстым, сонда М.С. Горбачев перестройканы былай түсіндірді: «Сіз әр ай сайын 3 мың шұлықтың орнына 3,5 мың шұлық тоқып шығарсаңыз, міне осы нағыз перестройка» – деді. КСРО Президентінің перестройкасының немен біткені белгілі.

Бұл жердегі астын сызып тұрап айтатын мәселе, біздің Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев өзінің фундаменталды еңбектерінде елімізді бірінші кезекте ұлттық кодты (тіл, діл, әдет-ғұрып, дін, рух) сақтай отырып, ұлттық сананы жаңғыртудан бастау керектігін алға тартты. Осылайша мемлекетімізде меритократиялық, яғни біліктілер билігі орнаған, экономикасы дамыған, әлеуметтік тұрмысы жетілген, бірегей ұлт қоғамын құру процесі басталды. Еліміздегі ұлтаралық достық, ерекше статусы мен Парламентке депутат сайлау құқығы жекеше Қазақстан халқының Ассамблеясы, діни конфессиялары арасындағы түсінстік пен келісім, жыл сайын жақсарып келе жатқан әлеуметтік-экономикалық жағдай және т.б. игіліктер Қазақстанды Евразиядағы үлгілі мемлекет дәрежесіне жеткізді. Сондықтан халқаралық аренада Қазақстанның беделі жоғары.

Біздің Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев Кеңес Одағы құламай тұрып, Москвадан бүкіл КСРО басқарып отырған М.С. Горбачевтің қарсы болуына қарамастан өзінің батылдығымен Жарлық шығарып, Семей ядролық полигонын тырп еткізбей жауып тастады. Бұл тарихи Жарлықтың әсері тек Қазақстан емес, барлық ядролық полигондары бар АҚШ, Қытай, Франция сияқты алпауыт елдерге де тиді. Бәрі де тоқтады. Адамзатты, төбесінен төніп тұрған атом өлімінен құтқару ісіндегі таңқаларлық жеңіс болды. Сондықтан өркениет әлемі Нұрсұлтан Назарбаевты Кіндік Азиядан шыққан Лидер ретінде таниды. Оның ОБСЕ, ШОС, ОИС, Сирияға байланысты бітімгершілік мәселесіне байланысты қызметі, кеше ғана АҚШ президенті Трамптың оны үстіміздегі жылда шақырылған шет ел президенттерінің арасынан бірінші кезекте қабылдап, Қазақстанды АҚШ-тың өте маңызды стратегиялық серіктес дәрежесінде тануы және оған қоса БҰҰ жанындағы Қауіпсіздік Кеңеске мүше болып сайланып, артынша оған Төрағалық ету деңгейіне көтерілуі Қазақстан халқы үшін теңдеусіз мақтаныш.

Н.Ә. Назарбаевтың БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің төрағасы ретінде Нью-Йорктан бүкіл әлемге таралған, 25 баптан тұратын нақты мәлімдемесіне барлық мемлекеттерден жоғары баға беріліп, бұл салада жаңа леп пайда болғанын мойындап жатыр. Әлемдегі жойқын-қауіп ядролық қаруды тізгіндеуде, халықаралық қатынастарда туындайтын проблемаларды тек қана келісімдік жолмен шешу арқылы жер бетінде тыныштықты сақтау қызметінде біздің Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың еңбегі Бейбітшілік қызметі үшін берілетін «Нобель» сыйлығына әбден лайықты екенін тағы бір айтып кеткім келеді. Бұл тек қана біздің Академияның пікірі емес, бізбен қарым-қатынас жасап, араласып жүрген Ресей, Украина, Беларусь академиктерінің де пікірі.

Тәуелсіздіктің әу-басынан бастап Елбасы мемлекеттің индустрия саласын дамытуды ешуақытта назардан шығарған жоқ. Себебі, мемлекетті байытудың бірден бір тиімді жолы ол ауыр индустрияны дамыту және инновация жетістіктерімен толықтырып отыру. Дамыған Батыс мемлекеттерінде мұны «Scientific support» (ғылыми көмек) деп атайды, яғни өндіріске ғылыми көмек көрсету, дұрысы – ғылыми сүйемелдесу (научное сопровождение). Сатылып алынған ең жаңа технология (трансферт) әрі кетсе 5 жылда ғылымның тез дамуына байланысты тиімділік үстемдігінен айырылады. Сондықтан кез келген зауытты немесе фабриканы ғылыми сүйемелдеу арқылы алғы шепте ұстап тұру керек. Мысалы АҚШ, Батыс Европа, Жапония, Оңтүстік Корея сияқты мемлекеттерде өңдеу, тауар шығару өндірісі осылайша жұмыс істейді. Ал керісінше Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттері ауыл шаруашылық дақылдарынан жыл сайын 4-5 рет өнім алатынына қарамай кедейшілік өмір кешуде. Себебі ол елдерде индустрия дамымаған, ал ол

жағдай өз кезегінде жоғары техникалық білім мен ғылымның жетілмегендігіне байланысты орын алып отыр. Сондықтан «Ғылымсыз даму (прогресс) жоқ» - деген аксиоманы естен шығармау керек.

Дегенмен Тәуелсіз Қазақстанда өндіріс тарапынан ғылымға Кеңес үкіметі кезіндегідей сұраныс жоқ. Оның негізгі екі себебін атап кеткім келеді. *Біріншісі* – көптеген ірі өндіріс орындары шет елдік инвесторлардың қолында, ол компаниялардың өз елдерінде көптеген ғылыми-зерттеу институттары бар, ғылымға бөлінетін шығындары сонда кетеді. Ал одан төмендеу өндіріс орындары – монополистер, қандай тауар шығарса да өтімді, арасында бәсекелестік жоқ. Ғылымсыз-ақ табысты күреп жатыр, қоршаған ортаны да аямай бүлдіріп жатыр. Шексіздік орын алған, қанағат жоқ. *Екінші себебі* – ғылыми лаборатория мен өндіріс цехтарының арасын жалғап тұратын көпір бұзылған. Ғалымдардың жаңа, әрі озық тәсілмен грамдап алған заттарын өндіріс басшысы өз зауытына ендіру үшін, тонналап болмаса да килограммдап шығаруды талап етеді. Онысы дұрыс, бірақ ол үшін жартылай өндірістік ірі қондырғы керек. Бұрын ірі зауыттарда тәжірибелік немесе эксперименталдық цехтар болатын. Олар Кеңес Үкіметімен бірге жоқ болды. Қомақты қаражат талап етуіне қарамастан оларды жобалау және конструкторлық бөлімдермен қоса қайта құру керек. Жаңадан өріс алып келе жатқан мемлекеттік-жекеменшік серіктестігін құру арқылы бұл мәселені толық шешуге болады. Ондай игі бастамалар да жоқ емес. Мысалға, Алматы қаласының жанында «Байсерке» атты көп салалы әмбебап ауыл шаруашылық өндіріс орнында, оның басшысы белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, ҚР ҰҒА-сының құрметті мүшесі, профессор Темірхан Досмұхаметов Ұлттық ғылым академиясының бір топ ғалымдарының сүйемелдеуі арқылы ең озық технологияларды енгізіп, өнімділігі жағынан (бидай, жүгері, соя, т.б.) дүниежүзілік рекордтар беріп жатыр. Байсеркенің тағы бір айта кететін ерекшелігі ҰҒА академиктерімен бірге «Болашақ» бағдарламасымен шет елдерде оқып келген мамандар да қатарласа жұмыс істейді. Еңбекқорлыққа, таза пиғылмен ғылымның биік идеалдарына ұмтылып аянбай қызмет етуге үйренеді.

Реті келген соң айта кетейін, біздің еліміздің білімінің де ғылымының да көптеген шет елдерден еш кемдігі жоқ. Сондықтан өз ғалымдарымызды жермен жексен етіп, шет ел ғалымдарының аяғына бас ұруды тоқтату керек. Бұл көргенсіздік. Мен Білім министрі лауазымында жүрген кезімде 1996 жылы Батыс Европа, АҚШ білім ошақтарын қызмет бабымен араладым. АҚШ-қа барғанымда олардың Білім министрінің маған қойған бірінші сұрағы «Сіздің еліңізде азаматтардың қанша пайызы сауатты, хат таниды?» – дегені болды. Біздің хақымызда сауатсыздық баяғыда жойылып, орта білім барлық азаматтарымызға Конституция талабы бойынша міндетті екенін айтқанымда, таң қалып, АҚШ халқының 8 пайызы сауатсыз, төлемақы айлығын алғанда бас бармағының ізімен қол қоятынын айтқан еді.

Ұлттық ғылым академиясының 2004 ж. бастап, мемлекеттік статустан бас тартып, Республикалық қоғамдық бірлестік болғаны барша ғалымдарға белгілі. Бұл Кеңес моделінен бас тартып біздің Академияның Батыс Европа, АҚШ моделіне ауысуына байланысты болды. Жаңа бастамада қиыншылықтар кездесе беретіні белгілі. Бірақ Академияның жұмысы Елбасының назарынан еш уақытта тыс қалған емес. Н.Ә. Назарбаев ҰҒА академигі, «Ғасыр Ғұламасы» – атты ҰҒА-сының ең жоғары ғылыми дәрежесінің иегері, Академияның 70-жылдық мерейтойына арналған мерекелік сессиясында сөйлеген сөзінде Академияның қызметіне жоғары баға беріп, республикамызда ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде, инновациялық ғылыми жетістіктерді өндіріске енгізуде кездесетін мәселелерге көңіл бөліп, тиімді нұсқаулар берді.

Қоғамның зияткерлік әлеуетін ілгерілетуді жүзеге асыру педагог кадрларға тікелей байланысты. Осы орайда Елбасы Жолдаудың жетінші негізгі міндетінде білім беру жүйесінің барлық деңгейі заман шындығы мен экономика сұраныстарына жауап беруі тиіс екендігін және бұл арада мұғалім мамандығының беделін арттыру қажеттігін алға тартты. Мұнда, әсіресе, ақпараттық технологиялар бойынша білім беруді барынша дамыту, жоғары оқу орындарына білім беру бағдарламаларын жасауға көбірек құқық беріп, олардың академиялық еркіндігін заңнамалық тұрғыдан бекіту қажеттігі айтылды. Осы арада оқытушылардың қайта даярлықтан өтуіне күш салып, жоғары оқу орындарына шетелдік менеджерлерді тартып, әлемдік университеттердің кампустары ашылуы қажет. Сондай-ақ қазақ тілін оқыту, орыс және ағылшын тілдерінде білім беру арқылы жастарымыздың интеллектуалдық қабілетін жоғарылату мәселесі де назардан тыс қалмады. Білім беру жүйесінің барлық деңгейі экономиканың бүгінгі қажеттілігіне сай болуға тиіс.

Жолдауда айтылғандай, алдағы кезде, әсіресе, жас ғалымдарға мемлекет тарапынан қолдау көрсету жандана түспек. Оларға мемлекеттік гранттар бөлу, квота беру көлемі ұлғайтылмақ. Елдегі жоғары оқу орындары ой-өрісі дамыған, талантты, зерделі және ұлтжанды ұстаз дайындауды одан әрі жаңа деңгейге көтере түсуі қажет. Өйткені, жаңа мыңжылдықта өз кәсібiнiң қыр-сырын жете меңгерген мамандардың бәсі басым болмақ. Бұны уақыттың өзі айқындап отыр.

Елбасы жолдауының тоғызыншы міндетінде «Заң үстемдігі мен жемқорлықпен күрес мемлекеттік саясаттың басым бағыттары болып қала беретінін» тағы да баса көрсетті. Кейінгі кезде БАҚ саласы жөнге келе бастады, жақсы, қатаң заң қабылданды. Кейбір газеттер мен журналдарда киллер тілші-корреспонденттер оларға қоса елге еңбек сіңіріп, үлкен абыройға ие болған асыл азаматтарымызды іштарлықтан көре алмайтын бәлекор кітап-жазғыштардың заманы тарыла бастады. Енді олар масқара болып соттала бастайды. Елдегі осындай қоқыстарды тазалауды құқық-сот органдары мықтап қолдарына алулары тиіс. Құран хадистеріне, шарифат заңына сүйенсек олар дозақ отына түсіп күйеді. Бірақ олар түптің түбінде әділдіктің жеңіп шығатынына сенбейді, сондықтан олардың жазасын баршаға көрсетіп тұрып осы заманда беру керек. Жалпы барлық салада заң үстемдігін орнатпай біз алға басып, өрістей алмаймыз. Қазір TV-ның қай каналын басып қалсаңыз да әртістерді көресіз, тіпті «Қазақстан» мен «Хабарды» ешкімге беретін емес. Олардың 3-4 арнайы каналдары («Гэкку», «Жұлдыз», «Той-думан» және т. б.) бар емес пе? Барлық өсек-аяң, жалаңаш әдепсіздік, бір сөзбен айтқанда жын-шайтан сол жерде. Ал еңбек-озаттары қайда?, ірі зауыттарда мандай терін төгіп жүріп, ел экономикасы үшін сақтап қалған директорлар, дүние жүзін мойындатқан ғалымдар мен жазушылар қайда?, оларға ерген талантты жас мамандар қайда? Мен жалпы әртістерге қарсы емеспін, халқымыздың абыройын көтеріп жүрген ұлы азаматтар бар. Ал бірақ мыналардың басым көпшілігін ешкім білмейді, естіуіміз бойынша жоғарыдағы біреудің қарындасы, біреудің тоқалы... Жеркөнішті, басым көпшілігінде дауыс та, талант та атымен жоқ.

Тағы бір келеңсіз орын алған жағдай-рушылдық. Жапан дала жерімізде ат төбеліндей қазақ ұлты руға, жүзге бөлініп ара-дара болсақ, Қазақстан халқын қалай біріктіреміз, өз басымызды біріктіре алмай жүріп? Тарих саласындағы жетекші ғалымдарымыздың пікірінше жүзге бөлінудің қандық (туыстық) негізі жоқ, тек территориялық маңызы болған. Ресей Патша үкіметінің «бөліп ал да билей бер» саясатын іске асыру үшін әдейі қазақтарды үш жүзге бөліп, ру-тайпаларды бір-біріне қарсы қойып, жауластырып отырды. Ресей империясының жәрдемімен қару-жарақ (мылтық, пушка т.б.) жинап алған Жоңғарлармен болған жойқын соғыстарда 1723-1752 жж. «балапан басымен, тұрымтай тұсымен» заманы болды. Рулар, тайпалар қуғын-сүргінде жүріп әбден араласты. Кейін бастары бірігіп, жоңғарларды тас-талқан қылып жеңді. Бірақ өздері де 70-80% пайызынан айрылды. 1920, 1932-1933, 1937 жылдарда нәубет тағы да қазақтың басына орнады. Қазақ халқы тағыда өзінің 60-70% -ынан айырылды. Демография заңына сәйкес өзінің 3/2 -сін жоғалтқан ұлт ассимиляцияға ұшырап жоқ болып кетуі әбден мүмкін. Құдайға шүкір Керей мен Жәнібектің, Бұрындық пен Хақназар, Қасым-хан мен Есім-хан, Тәуке-хан, Абылайхан мен Кенесары хандар «Елім үшін, жерім үшін – жан пида» – деп жүріп қорғап қалған жерімізде қайтадан басымыз қосылып, аман-есен, тыныштық, бейбіт өмір сүріп жатырмыз. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың осы Жолдауында Қазақстан халқын біріңғай, біртұтас ұлт болуға шақырады. Сондықтан әрбір руға төбе-би (президент) болып алған азаматтар осы қисық жолдан өз еркімен бас тартып, елді біртұтастыққа жұмылдыруы керек.

Алдымыздағы үлкен мақсат 2050 жылға дейін дамыған 30 елдің ішіне кіру екені белгілі. Бұл шаруа оңай емес. Алға ұмтылмай жүрген мемлекет жоқ. Бірінші 30-дыққа кіру үшін біз Испания, Италия сияқты мемлекеттермен жарысып, олардан озуымызға тура келеді. Ол үшін ел іші тату-тәтті, жоғары саналы мәдениетті, біртұтас ел болуымыз керек. Керей мен Жәнібек Әбілқайырдың Өзбек хандығынан (Жошы-ханның ұрпағы Өзбек хан билеген түркілер мемлекеті осылай аталады) бөлініп шыққан соң өзге тараптардан келіп бас қосқан ру-тайпалармен ақылдаса отырып жаңа мемлекетті «Қазақ хандығы» - деп атады. Демек мемлекет аты, ұлт атынан (түркілер) бөлек. Жаңа мемлекеттің атымен ендігі жерде ұлт аты бірігіп, сол мемлекеттегі түркілер сол заманнан бастап қазақтар болып, ал мемлекет «Қазақия» болды. Бұл жағдай көптеген өркениетті елдерде бар. Сондықтан «Қазақия», «Қазақстан Республикасы» деген аттың баламалы түрі әбден бола алады және Ұлы далада бас қосып, тағдырлас болған барша Қазақстан халқы «қазақ» деген атпен біртұтас ұлтқа айналса құба-құп болар еді.

Мемлекет басшысы ұсынған елімізді төртінші өнеркәсіптік революция жағдайында дамытуға арналған 10 негізгі міндет – Қазақстан дамуының жаңа бағыты. Сонымен қатар Жолдау Қазақстанның әлемдегі технологиялық, экономикалық және әлеуметтік салалардағы терең және қарқынды өзгерістерге бейімделуіне сеп болады. Осы орайда, Елбасының 2018 жылға арнаған Жолдауын ҚР ҰҒА академиктері мен корреспондент-мүшелері, жалпы барлық ұжымы толығымен қолдап, оны жүзеге асыру барысында аянбай еңбек ететіндеріне сеніміміз мол.

Жолдауда сөз болған маңызды міндеттерді жүзеге асыру Қазақстанның әлемдік аренадағы орнын биіктетіп, айқындап берері даусыз. Демек, Мәңгілік ел қалыптастыру жолында Жолдау жүктеген міндеттерді орындау болашағымызды жарқын етуге негіз болмақ.

**Мұрат ЖҰРЫНОВ,**  
ҚР ҰҒА президенті, академик,  
Қазақстан Республикасының  
Мемлекеттік сыйлығының  
Лауреаты

## ДАМЫҒАН 30 ЕЛ ҚАТАРЫНА ЖОЛ

Еліміз егемендік жылдарында Тұңғыш Президентіміз, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың кеменгерлік басшылығымен үнемі жаһандық жаңа үрдістерді қолдап, мемлекетіміздің экономикасын жыл сайын ұлғайтып келеді. Кез келген мемлекет өз билігінің тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін бұқара халықтың әл-ауқаты мен тұрмыстық жағдайын ұдайы жақсартып отырады. Бұл – аксиома. Адами капиталдың сапасын арттыру – мемлекет дамуын қамтамасыз етудің басты алғышарты.

Біздің Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев өзінің фундаменталды еңбектерінде елімізді бірінші кезекте ұлттық кодты (тіл, діл, әдет-ғұрып, дін, рух) сақтай отырып, ұлттық сананы жаңғыртудан бастау керектігін алға тартты. Осылайша мемлекетімізде меритократиялық, яғни біліктілер билігі орнаған, экономикасы дамыған, әлеуметтік тұрмысы жетілген, бірегей ұлт қоғамын құру процесі басталды. Еліміздегі ұлтаралық достық, ерекше статусы мен Парламентке депутат сайлау құқығы жекеше Қазақстан халқының Ассамблеясы, діни конфессиялары арасындағы түсінстік пен келісім, жыл сайын жақсарып келе жатқан әлеуметтік-экономикалық жағдай және т.б. игіліктер Қазақстанды Евразиядағы үлгілі, беделді мемлекет дәрежесіне жеткізді.

Осы жеткен жетістіктерімізді сақтай отырып, одан әрі ілгерлеп дамуымыз үшін Қазақстан халқы жерлестікке, рушылдыққа бөлінбей, бәріміз тағдырлас, бірыңғай ұлт болуымыз қажет. Жапан дала жерімізде ат төбеліндей қазақ ұлты руға, жүзге бөлініп ара-дара болсақ, Қазақстан халқын қалай біріктіреміз, өз басымызды біріктіре алмай жүріп? Тарих саласындағы жетекші ғалымдарымыздың пікірінше жүзге бөлінудің қандық (туыстық) негізі жоқ, тек территориялық маңызы болған. Ресей Патша үкіметінің «бөліп ал да билей бер» саясатын іске асыру үшін әдейі қазақтарды ылғи үш жүзге бөліп, ру-тайпаларды бір-біріне қарсы қойып, жауластырып отырды. Ресей империясының жәрдемімен қару-жарақ (мылтық, пушка т.б.) жинап алған Жоңғарлармен болған жойқын соғыстарда 1723-1752 жж. «балапан басымен, тұрымтай тұсымен» заманы болды. Рулар, тайпалар қуғын-сүргінде жүріп әбден араласты, барлығы дерлік құрама. Кейін бастары бірігіп, жоңғарларды тас-талқан қылып жеңді. Қазір жер бетінде жоңғар деген халық жоқ. Бірақ өздеріміз де 70-80% пайызымыздан айрылды. Одан кейін, 1920, 1932-1933, 1937 жылдарда нәубет тағы да қазақтың басына орнады. Қазақ халқы қолдан жасалған аштық қырғыннан тағыда өзінің 60-70% -ынан айырылды. Демография заңына сәйкес өзінің 3/2 -сін жоғалтқан ұлт ассимиляцияға ұшырап жоқ болып кетуі әбден мүмкін. Құдайға шүкір Керей мен Жәнібектің, Бұрындық пен Хақназар, Қасым-хан мен Есім-хан, Тәуке-хан, Абылайхан мен Кенесары хандар «Елім үшін, жерім үшін – жан пида» – деп жүріп қорғап қалған жерімізде қайтадан басымыз қосылып, аман-есен, тыныштық, бейбіт өмір сүріп жатырмыз. Егер тарихымыздағы осы екі қырғын кезеңдері болмаса, қазақ халқының саны қазір 100 миллионнан кем болмас еді. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың осы Жолдауында Қазақстан халқын біріңғай, біртұтас ұлт болуға шақырады. Сондықтан әрбір руға төбе-би (президент) болып алған азаматтар осы қисық жолдан өз еркімен бас тартып, елді біртұтастыққа жұмылдыруы керек.

Алдымыздағы үлкен мақсат 2050 жылға дейін дамыған 30 елдің ішіне кіру екені белгілі. Бұл шаруа оңай емес. Алға ұмтылмай жүрген мемлекет жоқ. Бірінші 30-дыққа кіру үшін біз Испания, Италия сияқты мемлекеттермен жарысып, олардан озуымызға тура келеді. Ол үшін ел іші тату-тәтті, жоғары саналы мәдениетті, біртұтас ел болуымыз керек. Керей мен Жәнібек Әбілқайырдың Өзбек хандығынан (Жошы-ханның ұрпағы Өзбек хан билеген түркілер мемлекеті осылай аталды) бөлініп шыққан соң өзге тараптардан келіп бас қосқан ру-тайпалармен ақылдаса отырып жаңа, еркін, тәуелсіз мемлекетті «Қазақ хандығы» – деп атады. Демек мемлекет аты, ұлт атынан (түркілер) бөлек. Қазақ хандығының негізін құраған тегі түркі тайпалардың жаңа бірлестігі қазақ ұлтына айналды. Сол мемлекеттегі түркілер ендігі жерде қазақтар болып, ал мемлекет «Қазақия» болды. Бұл жағдай көптеген өркениетті елдерде бар. Сондықтан «Қазақия», «Қазақстан Республикасы» деген аттың баламалы түрі әбден бола алады және Ұлы далада бас қосып, тағдырлас



болған барша Қазақстан халқы дамыған жетекші 30 елдің қатарына қосылар ұзақ жолда қолайлы жағдай түзілген кезде, «қазақ» деген бір атпен біртұтас ұлтқа айналса құба-құп болар еді.

Кенес Одағы құламай тұрып, Нұрсұлтан Назарбаев Москвадан бүкіл КСРО басқарып отырған М.С. Горбачевтің қарсы болуына қарамастан өзінің батылдығымен Жарлық шығарып, Семей ядролық полигонын тырп еткізбей жауып тастады. Бұл нағыз батырлық болды. Өйткені бұл тарихи Жарлықтың әсері тек Қазақстан емес, барлық ядролық полигондары бар АҚШ, Қытай, Франция сияқты алпауыт елдерге де тиді. Бәрі де тоқтады. Адамзатты, төбесінен төніп тұрған атом өлімінен құтқару ісіндегі таңқаларлық жеңіс болды. Сондықтан өркениет әлемі Нұрсұлтан Назарбаевты Кіндік Азиядан шыққан Лидер ретінде таниды. АҚШ президенті Дональд Трамптың Нұрсұлтан Назарбаевты ерекше ылтипатпен қабылдап, Қазақстанды АҚШ-тың өте маңызды стратегиялық серіктес дәрежесінде тануы Қазақстан халқы үшін ерекше мақтаныш, тарихи жетістік.

Н.Ә. Назарбаевтың БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің төрағасы ретінде Нью-Йорктан бүкіл әлемге таралған, 25 баптан тұратын нақты мәлімдемесіне барлық мемлекеттерден жоғары баға беріліп, бұл салада жаңа леп пайда болғанын мойындап жатыр. Әлемдегі жойқын-қауіп ядролық қаруды тізгіндеуде, халықаралық қатынастарда туындайтын проблемаларды тек қана келісімдік жолмен шешу арқылы жер бетінде тыныштықты сақтау қызметінде біздің Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың еңбегі Бейбітшілікке бағытталған қызметі үшін берілетін «Нобель» сыйлығына әбден лайықты екенін тағы бір айтып кеткім келеді. Бұл тек қана біздің Академияның пікірі емес, бізбен қарым-қатынас жасап жүрген ТМД елдерінің академиктерінің де пікірі.

Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы 2004 ж. бастап, мемлекеттік статустан бас тартып, Республикалық қоғамдық бірлестік болғаны барша ғалымдарға белгілі. Бұл Кеңес моделінен бас тартып біздің Академияның Батыс Европа, АҚШ моделіне ауысуына байланысты болды. Академияның жұмысы Елбасының назарынан еш уақытта тыс қалған емес. Н.Ә. Назарбаев ҰҒА академигі, «Ғасыр Ғұламасы» – атты ҰҒА-сының ең жоғары ғылыми дәрежесінің иегері, Академияның 70-жылдық мерейтойына арналған мерекелік сессиясында сөйлеген сөзінде Академияның қызметіне жоғары баға беріп, республикамызда ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде, инновациялық ғылыми жетістіктерді өндіріске енгізуде кездесетін мәселелерге көңіл бөліп, тиімді нақты нұсқаулар берді. Білім және ғылым министрі Е.К. Сағадиев, Елбасы тапсырмаларын бұлжытпай орындап, ҰҒА-сын барынша қолдап, экспертиза жұмыстарына қосып, бұрынғы Министрліктің құзырындағы сыйлықтарды, ғылыми стипендияларды тағайындау құқығын ҰҒА-сына толығымен берді.

Жолдауда сөз болған маңызды міндеттерді жүзеге асыру Қазақстанның әлемдік аренадағы орнын биіктетіп, Мәңгілік елдің жарқын болашағын жақындата түседі.

**Мұрат ЖҰРЫНОВ,**  
ҚР ҰҒА президенті, академик,  
Қазақстан Республикасының  
Мемлекеттік сыйлығының  
Лауреаты

## ИНДУСТРИЯ ДАМУМАЙ ЕЛ ДАРЫМАЙДЫ

Мемлекет басшысы Елбасы – Нұрсұлтан Назарбаев ұсынған елімізді төртінші өнеркәсіптік революция жағдайында дамытуға арналған 10 негізгі міндет – жаңа цифрлық дәуірде егемен еліміздің тұрақты дамуын қамтитын, мемлекетіміздің барлық саласына серпін беріп, халқымыздың игілігін көздеген жаңа бағыт.

Биылғы Елбасы Жолдауының ерекшелігі – ел дамуының түбегейлі тұстарын зерделеп, оның сан қырлы салаларын жүйелі түрде жаңғырту мәселесіне мән беруінде. Президент өз Жолдауында инновациялық индустрияландыру саясаты экономиканың флагманына айналуы тиіс деген тапсырма жүктеді. Расында да, Қазақстанның бүгінгі жеткен жетістігі, алдымен Елбасы пәрменімен іске асырылған индустрияландыру бағдарламасының арқасында мүмкін болып отыр. Міне, соның нәтижесінде қаншама жаңа өндіріс орындары пайда болды, ол өз кезегінде мыңдаған қазақстандық үшін тұрақты жұмыс көзіне айналды. Мәселен, бір ғана өткен жылдың өзінде индустрияландыру картасы бойынша 12633 жұмыс орны ашылды. Осы бағыттан таймасақ, еліміздің келешегі кемелді болары сөзсіз. Өйткені, қазіргі дамыған мемлекеттердің бәрі де осы жолмен жүріп өткен. Маңызды стратегиялық қадамдарсыз экономикамыз да өрге баспайды, алдыңғы қатардағы отыз елдің глобалдық экономикасына кіру қиын. Елбасының қоғамды ұстап тұрған барлық салаларға сандық технологияны енгізіп, сол арқылы әлемдік бәсекеге қабілетті болуымыз керек деген мағынадағы сөздері ерекше.

2017 жылы еліміз әлемдік дағдарыстың қолайсыз салдарын еңсеріп, сенімді өсу жолына қайта түсті. Жыл қорытындысы бойынша ішкі жалпы өнімнің өсуі 4 пайызға, ал өнеркәсіптік өнімнің өсуі 7 пайыздан асты. Бұл орайда, өнеркәсіптің жалпы көлемінде өңдеуші сектордың үлесі 40 пайыздан асты. Қазақстанның қолайлы дамуы орта топтың қалыптасуына мүмкіндік берді. Кедейшілік 13 есе қысқарып, жұмыссыздық деңгейі 4,9 пайызға дейін төмендеді. Еліміздің әлеуметтік-экономикалық табыстарының негізі – азаматтық бейбітшілік, ұлтаралық және конфессия аралық келісім – біздің басты құндылықтарымыз ретінде қала бермек. Ең басты құндылығымыз – Тәуелсіздігімізді сақтай отырып, Президентіміз алға қойған нақты ұлт жоспарын іске асыру – біздің басты міндет.

Тәуелсіздіктің әу-басынан бастап Елбасы мемлекеттің индустрия саласын дамытуды ешуақытта назардан шығарған жоқ. Себебі, мемлекетті байытудың бірден бір тиімді жолы ол ауыр индустрияны дамыту және инновация жетістіктерімен толықтырып отыру. Дамыған Батыс мемлекеттерінде мұны «Scientific support» (ғылыми көмек) деп атайды, яғни өндіріске ғылыми көмек көрсету, дұрысы – ғылыми сүйемелдесу (научное сопровождение). Сатылып алынған ең жаңа технология (трансферт) әрі кетсе 5 жылда ғылымның тез дамуына байланысты тиімділік үстемдігінен айырылады. Сондықтан кез келген зауытты немесе фабриканы ғылыми сүйемелдеу арқылы алғы шепте ұстап тұру керек. Мысалы АҚШ, Батыс Европа, Жапония, Оңтүстік Корея сияқты мемлекеттерде өңдеу, тауар шығару өндірісі осылайша жұмыс істейді. Ал керісінше Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттері ауыл шаруашылық дақылдарынан жыл сайын 4-5 рет өнім алатынына қарамай кедейшілік өмір кешуде. Себебі ол елдерде индустрия дамымаған, ал ол жағдай өз кезегінде жоғары техникалық білім мен ғылымның жетілмегендігіне байланысты орын алып отыр. Сондықтан «Ғылымсыз даму (прогресс) жоқ» – деген аксиоманы естен шығармау керек.

Дегенмен Тәуелсіз Қазақстанда өндіріс тарапынан ғылымға Кеңес үкіметі кезіндегідей сұраныс жоқ. Оның негізгі екі себебін атап кеткім келеді. Біріншісі – көптеген ірі өндіріс орындары шет елдік инвесторлардың қолында, ол компаниялардың өз елдерінде көптеген ғылыми-зерттеу институттары бар, ғылымға бөлінетін шығындары сонда кетеді. Ал одан төмендеу өндіріс орындары – монополистер, қандай тауар шығарса да өтімді, арасында бәсекелестік жоқ. Ғылымсыз-ақ табысты күреп жатыр, қоршаған ортаны да аямай бүлдіріп жатыр. Шексіздік орын алған, қанағат жоқ. Екінші себебі – ғылыми лаборатория мен өндіріс цехтарының арасын жалғап тұратын көпір бұзылған. Ғалымдардың жаңа, әрі озық тәсілмен грамдап алған заттарын өндіріс басшысы өз

зауытына ендіру үшін, тонналап болмаса да килограммдап шығаруды талап етеді. Онысы дұрыс, бірақ ол үшін жартылай өндірістік ірі қондырғы керек. Бұрын ірі зауыттарда тәжірибелік немесе эксперименталдық цехтар болатын. Олар Кеңес Үкіметімен бірге жоқ болды. Қомақты қаражат талап етуіне қарамастан оларды жобалау және конструкторлық бөлімдермен қоса қайта құру керек. Жаңадан өріс алып келе жатқан мемлекеттік-жекеменшік серіктестігін құру арқылы бұл мәселені толық шешуге болады.

Алдымыздағы үлкен мақсат 2050 жылға дейін дамыған 30 елдің ішіне кіру екені белгілі. Бұл шаруа оңай емес. Алға ұмтылмай жүрген мемлекет жоқ. Бірінші 30-дыққа кіру үшін біз Испания, Италия сияқты мемлекеттермен жарысып, олардан озуымызға тура келеді. Ол үшін ел іші тату-тәтті, жоғары саналы мәдениетті, біртұтас ел болуымыз керек. Қазақстанның жыл сайын тәуелсіздігі нығайып, экономикасы өсіп, алпуыт елдермен тең дәрежеде стратегиялық әріптестік құруға беделі жетіп отыр. Бұл Елбасы – Н.Ә. Назарбаевтың АҚШ-қа барған сапарының нәтижесінен айқын көрініп тұр.

*Мұрат ЖҰРЫНОВ,  
ҚР ҰҒА президенті, академик,  
Қазақстан Республикасының  
Мемлекеттік сыйлығының  
Лауреаты*

## СИМБИОЗ НАУКИ И ПРАКТИКИ



**Досмухамбетов Темирхан Мынайдарович**

Имя Досмухамбетова Темирхана Мынайдаровича хорошо известно в нашей стране и за его пределами. Это один из известных политиков, государственных и общественных деятелей страны. В разные годы занимал высокие посты в Правительстве – дважды был министром туризма и спорта, дважды – управляющим делами Президента, акимом города Астана. Заслуженный тренер СССР и Республики Казахстан. Кандидат педагогических наук. Профессор, по специальности педагогика. Почетный член Национальной академии наук Республики Казахстан.

Начав трудовую деятельность с должности преподавателя кафедры физвоспитания вуза и тренером по самбо, он сумел вырасти до уровня государственного деятеля.

Сегодня Темирхан Мынайдарович – один из немногих, кого волнует судьба сельского хозяйства страны. С 2015 года, являясь Председателем совета директоров агрохолдинга «Байсерке», Досмухамбетов Т.М. смело взялся за развитие аграрного сектора и в короткий срок построил агрохолдинг, который на сегодняшний день является передовым по внедрению инноваций и сотрудничеству не только с казахстанскими учеными, но и с учеными зарубежных стран.

Многопрофильный агрохолдинг «Байсерке-Агро» практически в каждом сегменте работает по принципу полного цикла сельскохозяйственного производства – от выращивания собственных семян, до глубокой переработки молока и мяса. Помимо этого, на базе агрохолдинга создан учебный научно-производственный центр, позволяющий ученым испытывать собственные разработки в реальных условиях сельского хозяйства.

В 2014 году Президент Казахстана после посещения учебного научно-производственного центра «Байсерке-Агро» дал поручение аграрным ученым: "Все университеты должны заниматься наукой. Следует создавать в них лаборатории, а также техническую базу для проведения опытно-промышленных работ, что необходимо для последующей организации производства". Спустя 3 года, в 2017 году, Глава государства вновь отметил агрохолдинг: "Я небольшой пример хочу привести. Здесь есть хозяйство "Байсерке". Возглавляет его Темирхан Мынайдарович Досмухамбетов. Там работают академики Сагитов, Оразалиев, Измухамбетов, Камбулин и из НИИ земледелия и растениеводства академик Иванов Н.П., Садыкулов, Рахимбаев. Они там своими руками, внедряя собственные разработки, чудо сотворяют. Они получают пшеницу 50 центнеров с гектара. А другие, когда 13 получают, радуются, что это успех".



Общепризнано, что эффективными составляющими высокой урожайности любой культуры считается сочетание следующих пунктов: качественный посевной материал, правильно подобранная технология возделывания в зависимости от требований сорта или гибрида, а также почвенно-климатических условий, своевременное исполнение работ, предусмотренных календарным планом и технологическими картами, и качество исполняемых операций, которое напрямую зависит от качества, износостойкости и ремонтпригодности сельскохозяйственных машин и оборудования.

Так, для обеспечения технической базы руководством холдинга была организована совместная работа с заводами по производству сельхозтехники и оборудования. В настоящее время в «Байсерке-Агро» используются последние модели сельскохозяйственной техники ведущих европейских производителей.

Вся эта техника в совокупности с инновационными решениями и технологиями дает положительные результаты, например: использование современных сеялок дает равномерность высева, которая позволяет повысить урожайность до 20%, а специальные форсунки на прицепных опрыскивателях позволяют минимизировать снос рабочей жидкости и быстрого испарения рабочей жидкости до попадания на растение, что повышает в разы качество работы со средствами защиты растений, ресурс работы современного пресс-подборщика для заготовки сена составляет 70 000 рулонов до капитального ремонта, что в 10-15 раз больше, чем у стандартных машин такого типа.

Что касается современных систем орошения, то в холдинге есть что показать, к примеру, подпочвенное орошение, которое позволяет не только экономить поливную воду до 70-75%, но и экономить удобрения и средства защиты растений, при этом увеличивая качество и количество урожая. На сегодняшний день в агрохолдинге для подпочвенного капельного орошения задействовано 525 га земли, а показатели урожайности кукурузы, сои и люцерны выше традиционного в 1,7-2 раза.

При правильном и своевременном исполнении технологии средняя урожайность кукурузы на силос составляет 700-900 ц/га, кукурузы на зерно 140-160 ц/га, сои 45-50 ц/га, зерновых культур 70-85 ц/га, люцерны до 120-150 ц/га сухой массы при традиционном орошении и 250 ц/га сухой массы при подпочвенном орошении. Причем на отдельных полях зафиксированы рекордные показатели урожайности данных культур: кукуруза на силос 1200 ц/га, кукурузы на зерно 200 ц/га при подпочвенном орошении, сои 65 ц/га, зерновых культур 110 ц/га, люцерны – до 280 ц/га сухой массы. В 2017 году на опытных полях агрохолдинга удалось получить 6 укосов люцерны, при традиционных 3-4 в Алматинской области, и это не предел – считают сотрудники агрохолдинга.

Все полученные высокие результаты свидетельствуют о проницательности руководителя многопрофильного Агрохолдинга «Байсерке Агро» профессора Т.Досмухамбетова и правильности принятых им решений по привлечению науки в производство, так как именно симбиоз науки и производства позволил разработать и провести правильный трансферт технологий и техники в условиях реального производства на полях ТОО «Байсерке Агро».



Агрохолдинг «Байсерке-Агро» один из первых в Казахстане внедрил систему добровольного доения на роботизированной ферме. Робот обеспечивает автоматическое промывание вымени в целом и каждой ее доли отдельно, строгое выдаивание секрета молочной железы из каждой доли вымени с последующим орошением по окончании дойки. Доение каждой коровы осуществляется добровольно. Они сами заходят на дойку 5-7 раз в сутки.

В случае получения некачественного молока от коров с начальными формами мастита или по причине неудовлетворительного ухода содержания оно автоматически поступает в отдельную емкость для утилизации или использованию по другому назначению. Все данные о получении молочной продукции, поедаемости кормов, кратности доения и т.д. регистрируются на компьютере и выводятся на монитор. При этом показатели суточных надоев молока от каждой фуражной коровы составили в среднем 30 литров, а у отдельных коров они доходили до 78 литров в сутки. Показатель воспроизводства стада колебался от 90-95 телят на 100 коров, а деловой выход молодняка составляет 90 процентов.

На сегодняшний день продукция молочного завода и мясокомбината «Байсерке-Агро» представлена на рынке Алматы под торговой маркой «Разия» и практически не имеет конкурентов по качественным показателям среди производителей натуральных продуктов питания.

Агрохолдинг «Байсерке-Агро» активно ведет инвестиционную деятельность, привлекая партнеров со всего мира. Равноправные отношения с одинаковой степенью ответственности и равнозначным распределением расходов и прибыли привлекают инвесторов из Южной Кореи, Италии и США. Совместно с южнокорейской компанией в Алматинской области построен уникальный тепличный комплекс с системой обогрева от термальных источников. Правильный подход и соблюдение технологического процесса позволяет получать урожай до 50 тонн помидоров с гектара. Помимо этого, с партнерами из Южной Кореи ведется строительство двух комплексов: по производству яиц и выращиванию кур-бройлеров. Для этих целей агрохолдинг «Байсерке-Агро», совместно с южнокорейскими инвесторами, построил собственный комбикормовый завод.

В 2017 году «Байсерке-Агро» подписал соглашение с американскими компаниями Trans Ova и Interxon о создании совместного предприятия и строительстве селекционно-генетического центра. Такой центр позволит при помощи эмбрионов и технологии суррогатного материнства получать высокогенетический породистый скот мясного и молочного направлений, причем без затрат на транспортировку и стресса от перевозки скота. С компанией Global Beef Investment подписан меморандум намерений на строительство откормочной площадки на 10 000 голов КРС.

Таким образом, достигнуты поистине небывалые успехи. Не случайно, опытом работы Досмухамбетова Т. заинтересовались ученые и бизнесмены ближнего и дальнего зарубежья, а Глава государства поручил Правительству изучить опыт Досмухамбетова Т., сделать его достоянием всех сельхозпроизводителей Казахстана.

Темирхан Мынайдарович полон новых планов и замыслов, а то, что задумано им, без сомнения, найдет свое достойное воплощение. Пожелаем ему больших творческих успехов и благополучия в жизни.

*Президиум НАН РК*

## **Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan**

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct ([http://publicationethics.org/files/u2/New\\_Code.pdf](http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf)). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

The Editorial Board of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

[www.nauka-nanrk.kz](http://www.nauka-nanrk.kz)

**ISSN 2518-1467 (Online), ISSN 1991-3494 (Print)**

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/ru/>

Редакторы *М. С. Ахметова, Т. М. Апендиев, Д. С. Аленов*  
Верстка на компьютере *Д. Н. Калкабековой*

Подписано в печать 16.02.2018.

Формат 60x881/8. Бумага офсетная. Печать – ризограф.

14,2 п.л. Тираж 2000. Заказ 1.